Қазақстан Республикасының
Президенті

ЖАРЛЫҚ

Президент
Республики Казахстан

УКАЗ

**Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізу туралы**

«Құқық қорғау қызметі туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабының 3-1-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізу жөніндегі жоғары аттестаттау комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған:

1) Комиссия туралы ереже;

2) Комиссия құрамы;

3) Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізу қағидалары;

4) Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізудің іс-шаралар жоспары бекітілсін.

3. Президент Әкімшілігі, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы), Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2012 жылғы 30 желтоқсанға дейін құқық қорғау органдарының қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізсін, сондай-ақ осы Жарлықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Осы Жарлық, «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына тиісті түзетулер қолданысқа енгізілгеннен кейін қолданысқа енгізілетін Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізу қағидалары 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Президенті** **Н.Назарбаев**

Астана, Ақорда, 2012 жылғы 8 сәуір

№ 292

Көшірме жасауға тыйым салынады. Снятие копии запрещается.
03369

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2012 жылғы 8 сәуірдегі
№ 292 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізу жөніндегі жоғары аттестаттау комиссиясы туралы**
**ЕРЕЖЕ**

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізу жөніндегі жоғары аттестаттау комиссиясының (бұдан әрі – Комиссия) құқықтық мәртебесін және өкілеттігін айқындайды.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңнамалық актілерін, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін, оның ішінде Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізу қағидаларын және осы ережені басшылыққа алады.

## 2. Комиссияның міндеттері

3. Комиссияның міндеттері:

1) кезектен тыс аттестаттаудан*:

құқық қорғау органдары бірінші басшыларының бірінші орынбасарларын және орынбасарларын;

құқық қорғау органдары ведомстволарының басшыларын және олардың орынбасарларын;

құқық қорғау органдары орталық аппараттарының департаменттері бастықтарын (Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының және Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің құзыретіне тіл саясаты, ақпараттық және құжаттамалық қамтамасыз ету, мемлекеттік құпияларды қорғау мәселелері кіретін департаменттерінен, сондай-ақ тылдық және қаржылық қамтамасыз ету департаменттерінен басқа);

құқық қорғау органдарының аумақтық немесе оларға теңестірілген мамандандырылған бөліністерінің басшыларын және олардың орынбасарларын;

құқық қорғау органдарының ведомстволық жоғары оқу орындарының басшыларын;

құқық қорғау органдарының орталық аппараттарының республикалық аттестаттау комиссияларының құрамына кандидаттарды өткізу;

2) құқық қорғау органдарының қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізуді ұйымдастыру және үйлестіру болып табылады.

### 3. Комиссияның құқықтары

4. Комиссияның:

1) мемлекеттік органдардан, ведомстволар мен ұйымдардан Комиссияның құзыретіне жататын мәселелер бойынша қажетті ақпаратты сұратуға;

2) қажетіне қарай мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары мен мамандарын, сондай-ақ мүдделі ұйымдардың өкілдерін тартуға;

3) отырыстарда Комиссияның құзыретіне жататын мәселелер бойынша Комиссия мүшелерін, аттестатталатын қызметкерлерді, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың өкілдерін тыңдауға;

4) Комиссияға жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін қажетті өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

### 4. Комиссия қызметін ұйымдастыру

5. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы Комиссия төрағасы болып табылады.

6. Комиссия төрағасы:

1) Комиссия қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

2) Комиссия отырыстарын өткізу орны мен уақытын айқындайды;

3) Комиссия отырыстарында төрағалық етеді;

4) Комиссия мүшелеріне орындау үшін міндетті нұсқаулар береді.

7. Комиссия мүшелері:

1) Комиссияның жұмыс кестесі жөнінде ұсыныстар енгізуге;

2) Комиссия отырысында қаралатын мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы.

8. Комиссия хатшысы Комиссия отырыстарын өткізуді ұйымдастырады.

9. Комиссия отырысына құрамының кемінде үштен екісі қатысқан болса, ол заңды болып саналады.

Комиссия шешімдері Комиссияның отырысына қатысқан мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілігі дауыс беруімен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

10. Комиссия қабылдаған шешім Комиссия төрағасы мен хатшысы қол қоятын және Комиссияның барлық мүшелерінің бірыңғай пікірін білдіретін хаттамамен ресімделеді.

11. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Құқық қорғау жүйесі бөлімі Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

Ескертпе: * - құқық қорғау органдары бірінші басшыларының бірінші орынбасарларын және орынбасарларын, құқық қорғау органдарында кемінде жиырма жыл қызмет өтілі бар, сондай-ақ жаңа лауазымға кемінде бір жыл бұрын тағайындалған қызметкерлерді кезектен тыс аттестаттау «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңына тиісті түзетулер қолданысқа енгізілуіне қарай жүргізіледі

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2012 жылғы 8 сәуірдегі
№ 292 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізу жөніндегі жоғары аттестаттау комиссиясының**
**ҚҰРАМЫ**

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы, төраға
Қазақстан Республикасының Бас прокуроры
Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы
Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясы) төрағасы
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы
Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі
Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі
Қазақстан Республикасының Қаржы министрі
Қазақстан Республикасының Әділет министрі
Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Құқық қорғау жүйесі бөлімінің меңгерушісі, хатшы

---

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2012 жылғы 8 сәуірдегі
№ 292 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

# Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізу ҚАҒИДАЛАРЫ

## 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізудің осы қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) құқық қорғау органдарының қызметкерлерін (бұдан әрі – қызметкерлер), оның ішінде:

1) құқық қорғау органдарының бірінші басшыларының бірінші орынбасарларын және орынбасарларын;

2) құқық қорғау органдарында кемінде жиырма жыл қызмет өтілі бар қызметкерлерді;

3) егер тағайындау функционалдық міндеттерінің өзгеруіне әкелген болса, жаңа лауазымға кемінде бір жыл бұрын тағайындалған қызметкерлерді кезектен тыс аттестаттаудан өткізу тәртібін айқындайды*.

## 2. Аттестаттауды өткізуге дайындықты ұйымдастыру

2. Кезектен тыс аттестаттау кезінде бағалаудың негізгі өлшемдері:

1) қызметкерлердің өздеріне жүктелген міндеттерді орындау қабілеті және олардың жұмыстарының нәтижелері;

2) теориялық білімдері мен практикалық дағдыларының деңгейі болып табылады.

Аттестатталатын қызметкерлерді бағалаудың қосымша өлшемдерін ерекшеліктер мен оларға жүктелген міндеттерді ескере отырып, құқық қорғау органының басшысы белгілейді.

3. Аттестаттау бірқатар сатылы кезеңдерді:

1) аттестаттауды өткізуге даярлықты;

2) аттестаттауға жататын қызметкерді Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге және логикалық ойлау қабілетіне компьютерлік тестілеуді;

3) тиісті құқық қорғау органы қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып, дене шынықтыру, жауынгерлік және қызметтік даярлық бойынша белгіленген нормативтерді тапсыруды, сондай-ақ психологиялық орнықтылығына әңгімелесуден өтуді;

4) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізу жөніндегі жоғары аттестаттау комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) не болмаса тиісті аттестаттау комиссиясы өткізетін қызметкермен әңгімелесуді;

5) Комиссия не болмаса аттестаттау комиссиясының шешім шығаруын қамтиды.

4. Кадр бөлімшесі қызметкерлерге кезектен тыс аттестаттау өткізу мерзімдері туралы аттестаттау басталғанға дейін күнтізбелік жиырма күн бұрын жазбаша хабарлайды.

5. Аттестаттауға жататын қызметкердің басшысы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оның қызметтік мінездемесін ресімдейді, оны таныстырады және аттестаттау өткізу күніне дейін кемінде бес жұмыс күнінен кешіктірмей оны тиісті кадр бөлімшесіне жібереді.

## 3. Аттестаттау комиссиясы

6. Аттестаттау комиссиялары төрағадан, мүшелерінен және хатшыдан тұрады. Тиісті аттестаттау комиссиясының құрамына кемінде бес мүше кіруі тиіс. Аттестаттау комиссиясының қатыспаған мүшелерін алмастыруға жол берілмейді.

Құқық қорғау органының бірінші басшысы - орталық аттестаттау комиссиясының төрағасы, құқық қорғау органы аумақтық бөлімшесінің басшысы - өңірлік аттестаттау комиссиясының төрағасы болып табылады.

Құқық қорғау органының кадр бөлімшесінің өкілі аттестаттау комиссиясының хатшысы болып табылады, ол оның жұмысын ұйымдастырушылық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асырады және дауыс беруге қатысуға құқылы емес.

7. Құқық қорғау органдарының орталық аттестаттау комиссияларының құрамын олардың бірінші басшысы Президент Әкімшілігінің келісімімен бекітеді.

Өңірлік аттестаттау комиссияларының құрамын құқық қорғау органының басшысы немесе құқық қорғау органының уәкілетті басшысы Президент Әкімшілігінің келісімімен бекітеді.

Төмен тұрған бөліністердің ұтымды жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажеттігін ескере отырып, тиісті аттестаттау комиссияларының жұмыс кестелерін құқық қорғау органының басшысы немесе құқық қорғау органының уәкілетті басшысы белгілейді.

8. Аттестаттау комиссиясының құрамына жоғары аттестаттау комиссиясында кезектен тыс аттестаттаудан алдын ала өткен бөліністердің басшылары, өзіндік қауіпсіздік қызметінің, кадр және заң қызметтерінің

өкілдері (не аталған қызметтер есеп беретін адамдар), аттестаттаудан өткізілетін қызметкерлерді қоспағанда, өзге де қызметкерлер, сондай-ақ құқық қорғау органдарының ардагерлері кіреді. Барлық деңгейдегі аттестаттау комиссияларының жұмысына қатысуға жұртшылықтың және тиісті ардагерлер ұйымдарының, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері тартылады.

9. Тиісті аттестаттау комиссиясының төрағасы және оның мүшелері аттестаттауға жататын қызметкерлер атқаратындай лауазымда болуы немесе одан жоғары лауазым атқаруы тиіс.

10. Құқық қорғау органы жұмысының бағыттарына қарай бірнеше аттестаттау комиссиясы құрылуы мүмкін.

11. Аттестаттау комиссиясының шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және отырысқа қатысқан аттестаттау комиссиясы мүшелерінің қатарынан ол үшін көп дауыс берілген жағдайда қабылданды деп саналады.

Дауыстар тең болған жағдайда аттестаттау комиссиясының төрағасы дауыс берген шешім қабылданған болып саналады.

12. Егер аттестаттау комиссиясының отырысына оның құрамының кемінде үштен екісі қатысқан болса, ол заңды болып саналады.

## 4. Аттестаттауды өткізу

13. Дене шынықтыру, жауынгерлік және қызметтік даярлық бойынша нормативтерді тапсыру, Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге және логикалық ойлау қабілетіне компьютерлік тестілеу, сондай-ақ әңгімелесуді өткізу кестелерін құқық қорғау органының басшысы немесе уәкілетті басшысы бекітеді.

14. Психологиялық орнықтылығына әңгімелесуден өту, дене шынықтыру, жауынгерлік және қызметтік даярлық бойынша нормативтерді тапсыру, сондай-ақ тестілеуден өту тәртібін, лауазымдар санаттары үшін тест тапсырмаларын және шекті мәндерді құқық қорғау органының басшысы айқындайды.

Қызметкерлерді Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге және логикалық ойлауына компьютерлік тестілеуді:

Комиссияның аттестаттауына жататындарды - мемлекеттік қызмет істерінің уәкілетті органы;

орталық және өңірлік аттестаттау комиссияларының аттестаттауына жататындарды - құқық қорғау органдары дербес жүргізеді.

15. Комиссияның не тиісті аттестаттау комиссиясының отырысында аттестатталатын қызметкермен әңгімелесу жүргізіледі.

Комиссияның не тиісті аттестаттау комиссиясының отырысында дәлелді себептермен болмаған қызметкерлер қызметке шыққаннан кейін кезектен тыс аттестаттаудан өтеді.

Қызметкер Комиссияның не тиісті аттестаттау комиссиясының отырысына дәлелсіз себептермен келмеген жағдайда аттестаттау комиссиясы осы Қағидалардың 16-тармағының 3), 4), 5) тармақшаларында көзделген шешімдердің бірін қабылдайды.

16. Әңгімелесудің қорытындылары бойынша Комиссия не тиісті аттестаттау комиссиясы мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) атқаратын лауазымына сәйкес келеді және кадр резервіне қабылдау үшін немесе жоғары тұрған лауазымға жылжытуға ұсынылады;

2) атқаратын лауазымына сәйкес келеді;

3) атқаратын лауазымына сәйкес келмейді және лауазымын төмендетуге ұсынылады;

4) атқаратын лауазымына сәйкес келмейді және басқа қызметке (лауазымға) ауыстыруға ұсынылады;

5) атқаратын лауазымына сәйкес келмейді және құқық қорғау органынан қызметтен босатуға ұсынылады.

17. Комиссияның не тиісті аттестаттау комиссиясының шешімі үш жұмыс күні ішінде хаттамамен ресімделеді, оған отырысқа қатысқан аттестаттау комиссиясының мүшелері және хатшысы қол қояды.

18. Кадр бөлімшесі Комиссияның не тиісті аттестаттау комиссиясының шешімін осы Қағидаларға 2-қосымшаның нысанына сәйкес қызметкердің аттестаттау парағына енгізеді.

Комиссияның не тиісті аттестаттау комиссиясының шешімі қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қызметкер оған қол қоя отырып, танысады.

19. Кезектен тыс аттестаттаудан өтпеген және (немесе) құқық қорғау органдарында өзге, оның ішінде төмен тұрған лауазымдарда қызметін жалғастырудан бас тартқан құқық қорғау органдарының қызметкерлері «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) белгіленген тәртіппен қызметтен босатылуға жатады.

## 5. Аттестаттау комиссиясының шешімдеріне шағымдану

20. Комиссияның не тиісті аттестаттау комиссиясының шешіміне Заңда белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін

Ескертпе: * – осы Қағидалар Қазақстан Республикасының кеден қызметі органдарының қызметкерлеріне оларды «біржолғы аттестаттау» бойынша іс-шаралар аяқталғаннан кейін қолданылады.

---

Қазақстан Республикасы
құқық қорғау органдарының
қызметкерлерін кезектен тыс
аттестаттаудан өткізу туралы
қағидаларға
1-ҚОСЫМША

**Аттестаттаудан өтуге тиіс қызметкерге берілетін қызметтік мінездеменің**

**ҮЛГІ НЫСАНЫ**

(қызметкердің тікелей басшысы толтырады)

Қызметкердің тегі, аты-жөні ______________________________
Лауазымы______________________________________________
Тағайындалған күні_____________________________________
Атағы (сыныптық шені)__________________________________

1. Лауазымдық міндеттерін орындауы (шешіміне қызметкер қатысқан негізгі мәселелердің тізбесі беріледі; қызметтік міндеттерін орындауының тиімділігі мен адалдығы, шығармашылық бастамашылығы, азаматтармен жұмыс істеуі бағаланады және т.б.).

2. Мемлекеттік органның қызметі саласында стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды білуі, кәсіби білімін қолдана білуі, сондай-ақ егер қызметтік міндеттеріне кіретін болса, коммуникация және ақпараттық технологияларды қолдануы (стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды білуі, кәсіби білімінің, коммуникация және ақпараттық технологияларды білу деңгейі, оларды жұмыста қолдануы сипатталады және т.б.).

3. Заңдылықты, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, Қазақтан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексін, сондай-ақ мемлекеттік және еңбек тәртібін сақтауы (тәртіптік жазалары туралы, заңдылықты, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, Мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексін, сондай-ақ мемлекеттік және еңбек тәртібін, ішкі қызмет тәртібін сақтауы туралы мәліметтер көрсетіледі және т.б.).

4. Жеке қасиеттері (қызметкердің жеке қасиеттері сипатталады: тіл табысқыштығы, азаматтармен жұмыс істеу қабілеті, өзін-өзі жетілдіру қабілеті, көшбасшылығы, психологиялық орнықтылығы және т.б.).

5. Қызметкердің жұмысын қорытынды бағалау (тікелей басшысының қызметкер туралы пікірі көрсетіледі: атқаратын лауазымына сәйкес келеді немесе сәйкес келмейді, жоғары немесе төмен лауазымға ұсынылуы мүмкін және т.б.).

6. Аттестатталатын адам басқаратын бөліністің не ол жетекшілік ететін бөлініс жұмысының нәтижелері, оның ішінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы іс-әрекеттерінің жай-күйі туралы мәліметтер. *

7. Өзге мәліметтер. **

Басшының тегі, аты-жөні______________________________________

Лауазымы________________________________________________________

Атағы (сыныптық шені)_________________________________________

Күні 20___жылғы «_____»________________

МО

Ескертпе:

* – осы талап басшы лауазымдағы адамдарға қолданылады;

** – құқық қорғау органдарының ерекшелігі ескеріле отырып, қызметтік мінездемеге толықтырулар енгізілуі мүмкін

______________________

Қазақстан Республикасы
құқық қорғау органдарының
қызметкерлерін кезектен тыс
аттестаттаудан өткізу туралы
қағидаларға
2- ҚОСЫМША

**Аттестаттаудан өтуге тиіс қызметкердің**
**аттестаттау парағының**
**ҮЛГІ НЫСАНЫ**

1. Тегі, аты-жөні ______________________________
2. Туған күні, айы, жылы «___»______________19____ жыл.
3. Білімі ______________________________
4. Мамандығы ______________________________
5. Аттестаттау кезінде атқаратын лауазымы ______________________________
6. Атағы (сыныптық шені) ______________________________
7. Аттестаттау комиссиясының шешімі ______________________________
8. Өзге мәліметтер* ______________________________

Аттестаттау комиссиясының төрағасы ______________________________
(қолы)

Аттестаттау комиссиясының хатшысы ______________________________
(қолы)

Аттестаттау өткізілген жылы, күні, айы 20___ жылғы «___» ______________

Аттестаттау парағымен таныстырылды______________________________
(қызметкердің қолы және күні)

МО

Ескертпе: * – құқық қорғау органдары қызметінің ерекшелігі ескеріле отырып, аттестаттау парағына толықтырулар енгізілуі мүмкін

______________

Қазақстан Республикасының
Президенті
# ЖАРЛЫҚ

Президент
Республики Казахстан
# УКАЗ

**О проведении внеочередной аттестации сотрудников правоохранительных органов Республики Казахстан**

В соответствии с пунктом 3-1 статьи 47 Закона Республики Казахстан от 6 января 2011 года «О правоохранительной службе» **ПОСТАНОВЛЯЮ**:

1. Образовать Высшую аттестационную комиссию при Президенте Республики Казахстан по проведению внеочередной аттестации сотрудников правоохранительных органов Республики Казахстан (далее – Комиссия).

2. Утвердить прилагаемые:

1) Положение о Комиссии;

2) состав Комиссии;

3) Правила проведения внеочередной аттестации сотрудников правоохранительных органов Республики Казахстан;

4) План мероприятий по проведению внеочередной аттестации сотрудников правоохранительных органов Республики Казахстан.

3. Администрации Президента, Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, Агентству Республики Казахстан по борьбе с экономической и коррупционной преступностью (финансовой полиции), Министерству внутренних дел Республики Казахстан, Министерству по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан, Министерству финансов Республики Казахстан до 30 декабря 2012 года провести внеочередную аттестацию сотрудников правоохранительных органов, а также принять иные меры, вытекающие из настоящего Указа.

4. Настоящий Указ вводится в действие со дня подписания, за исключением подпунктов 1), 2) и 3) пункта 1 Правил проведения внеочередной аттестации сотрудников правоохранительных органов Республики Казахстан, которые вводятся в действие после введения в действие соответствующих поправок в Закон Республики Казахстан «О правоохранительной службе».

**Президент**
**Республики Казахстан** **Н.Назарбаев**

Астана, Акорда, 8 апреля 2012 года

№ 292

Көшірме жасауға тыйым салынады. Снятие копий запрещается.
03368

УТВЕРЖДЕНО
Указом Президента
Республики Казахстан
от 8 апреля 2012 года
№ 292

**ПОЛОЖЕНИЕ**
**о Высшей аттестационной комиссии при Президенте Республики Казахстан по проведению внеочередной аттестации сотрудников правоохранительных органов Республики Казахстан**

## 1. Общие положения

1. Настоящим Положением определяются правовой статус и полномочия Высшей аттестационной комиссии при Президенте Республики Казахстан по проведению внеочередной аттестации сотрудников правоохранительных органов Республики Казахстан (далее – Комиссия).

2. В своей деятельности Комиссия руководствуется Конституцией, законодательными актами Республики Казахстан, актами Президента Республики Казахстан, в том числе Правилами проведения внеочередной аттестации сотрудников правоохранительных органов Республики Казахстан и настоящим положением.

## 2. Задачи Комиссии

3. Задачами Комиссии являются:

1) проведение внеочередной аттестации*:

первых заместителей и заместителей первых руководителей правоохранительных органов;

руководителей ведомств правоохранительных органов и их заместителей;

начальников департаментов центральных аппаратов правоохранительных органов (кроме департаментов, в компетенцию которых входят вопросы языковой политики, информационного и документационного обеспечения, защиты государственных секретов, а также департаментов тылового и финансового обеспечения Генеральной прокуратуры Республики Казахстан и Агентства Республики Казахстан по борьбе с экономической и коррупционной преступностью);

руководителей территориальных или приравненных к ним специализированных подразделений правоохранительных органов и их заместителей;

руководителей ведомственных высших учебных заведений правоохранительных органов;

кандидатов в составы республиканских аттестационных комиссий центральных аппаратов правоохранительных органов;

2) организация и координация проведения внеочередной аттестации сотрудников правоохранительных органов.

## 3. Права Комиссии

4. Комиссия имеет право:

1) запрашивать необходимую информацию у государственных органов, ведомств и организаций по вопросам, относящимся к компетенции Комиссии;

2) привлекать по мере необходимости должностных лиц и специалистов государственных органов, а также представителей заинтересованных организаций;

3) заслушивать на заседаниях членов Комиссии аттестуемых сотрудников, а также представителей государственных органов и иных организаций по вопросам, относящимся к компетенции Комиссии;

4) осуществлять иные права, необходимые для осуществления возложенных на Комиссию задач.

## 4. Организация деятельности Комиссии

5. Председателем Комиссии является Руководитель Администрации Президента Республики Казахстан.

6. Председатель Комиссии:

1) осуществляет общее руководство деятельностью Комиссии;

2) определяет место и время проведения заседаний Комиссии;

3) председательствует на заседаниях Комиссии;

4) дает обязательные для исполнения указания членам Комиссии.

7. Члены Комиссии вправе:

1) вносить предложения по графику работы Комиссии;

2) принимать участие в обсуждении вопросов, рассматриваемых на заседании Комиссии.

8. Секретарь Комиссии организует проведение заседаний Комиссии.

9. Заседание Комиссии считается правомочным, если на нем присутствует не менее двух третей ее состава.

Решения Комиссии принимаются простым большинством голосов от общего количества присутствовавших на заседании членов Комиссии. В случае равенства голосов голос председателя Комиссии является решающим.

10. Принятое решение Комиссии оформляется протоколом, подписываемым председателем и секретарем Комиссии и выражающим единое мнение всех членов Комиссии.

11. Рабочим органом Комиссии является Отдел правоохранительной системы Администрации Президента Республики Казахстан.

Примечание: * – внеочередная аттестация первых заместителей и заместителей первых руководителей правоохранительных органов, сотрудников, имеющих стаж службы в правоохранительных органах не менее двадцати лет, а также назначенных на новые должности менее одного года назад, проводится по мере введения в действие соответствующих поправок в Закон Республики Казахстан «О правоохранительной службе»

---

УТВЕРЖДЕН
Указом Президента
Республики Казахстан
от 8 апреля 2012 года
№ 292

**СОСТАВ**
**Высшей аттестационной комиссии при Президенте Республики Казахстан по проведению внеочередной аттестации сотрудников правоохранительных органов Республики Казахстан**

Руководитель Администрации Президента Республики Казахстан, председатель

Генеральный прокурор Республики Казахстан

Председатель Комитета национальной безопасности Республики Казахстан

Председатель Агентства Республики Казахстан по борьбе с экономической и коррупционной преступностью (финансовой полиции)

Председатель Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы

Министр внутренних дел Республики Казахстан

Министр по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан

Министр финансов Республики Казахстан

Министр юстиции Республики Казахстан

заведующий Отделом правоохранительной системы Администрации Президента Республики Казахстан, секретарь

---

УТВЕРЖДЕНЫ
Указом Президента
Республики Казахстан
от 8 апреля 2012 года
№ 292

# ПРАВИЛА
## проведения внеочередной аттестации сотрудников правоохранительных органов Республики Казахстан

### 1. Общие положения

1. Настоящие Правила проведения внеочередной аттестации сотрудников правоохранительных органов Республики Казахстан (далее – Правила) определяют порядок проведения внеочередной аттестации сотрудников правоохранительных органов (далее – сотрудники), в том числе:

1) первых заместителей и заместителей первых руководителей правоохранительных органов;

2) сотрудников, имеющих стаж службы в правоохранительных органах не менее двадцати лет;

3) сотрудников, назначенных на новые должности менее одного года назад, если назначение повлекло изменение функциональных обязанностей*.

### 2. Организация подготовки к проведению аттестации

2. Основными критериями оценки при внеочередной аттестации являются:

1) способность сотрудников выполнять возложенные на них обязанности и результаты их работы;

2) уровень теоретических знаний и практических навыков.

Дополнительные критерии оценки аттестуемых сотрудников с учетом специфики и возложенных на них обязанностей определяются руководителем правоохранительного органа.

3. Аттестация включает ряд последовательных этапов:

1) подготовка к проведению аттестации;

2) компьютерное тестирование сотрудника, подлежащего аттестации, на знание законодательства Республики Казахстан и логическое мышление;

3) сдача установленных нормативов по физической, боевой и служебной подготовке с учетом специфики деятельности соответствующего правоохранительного органа, а также прохождение собеседования на психологическую устойчивость;

4) собеседование с сотрудником, проводимое Высшей аттестационной комиссией при Президенте Республики Казахстан по проведению внеочередной аттестации сотрудников правоохранительных органов Республики Казахстан (далее – Комиссия) либо соответствующей аттестационной комиссией;

5) вынесение решения Комиссией либо аттестационной комиссией.

4. Кадровое подразделение письменно уведомляет сотрудников о сроках проведения внеочередной аттестации не позднее чем за двадцать календарных дней до начала ее проведения.

5. Руководитель сотрудника, подлежащего аттестации, оформляет его служебную характеристику по форме согласно приложению 1 к настоящим Правилам, ознакамливает его и в срок не позднее чем за пять рабочих дней до даты проведения аттестации направляет ее в соответствующее кадровое подразделение.

## 3. Аттестационная комиссия

6. Аттестационные комиссии состоят из председателя, членов и секретаря. В состав соответствующей аттестационной комиссии должно входить не менее пяти членов. Замещение отсутствующих членов аттестационной комиссии не допускается.

Председателем центральной аттестационной комиссии является первый руководитель правоохранительного органа, председателем региональной аттестационной комиссии – руководитель территориального подразделения правоохранительного органа.

Секретарем аттестационной комиссии является представитель кадрового подразделения правоохранительного органа, который осуществляет организационное обеспечение ее работы и не вправе принимать участие в голосовании.

7. Составы центральных аттестационных комиссий правоохранительных органов утверждаются их первым руководителем по согласованию с Администрацией Президента.

Составы региональных аттестационных комиссий утверждаются руководителем правоохранительного органа или уполномоченным руководителем правоохранительного органа по согласованию с Администрацией Президента.

Графики работы соответствующих аттестационных комиссий устанавливаются руководителем правоохранительного органа или уполномоченным руководителем правоохранительного органа с учетом необходимости обеспечения рационального функционирования нижестоящих подразделений.

8. В состав аттестационной комиссии включаются предварительно прошедшие внеочередную аттестацию в вышестоящей аттестационной комиссии руководители подразделений, представители службы собственной безопасности, кадровой и юридической служб (либо лица, которым подотчетны данные службы), иные сотрудники, за исключением сотрудников, проходящих аттестацию, а также ветераны правоохранительных органов. К участию в работе аттестационных комиссий всех уровней привлекаются представители

общественности и соответствующих ветеранских организаций, средств массовой информации.

9. Председатель соответствующей аттестационной комиссии и ее члены должны занимать такую же или более высокую должность, чем сотрудники, подлежащие аттестации.

10. В зависимости от направлений работы правоохранительного органа может быть создано несколько аттестационных комиссий.

11. Решение аттестационной комиссии принимается открытым голосованием и считается принятым, если за него подано большинство голосов из числа присутствовавших на заседании членов аттестационной комиссии.

В случае равенства голосов принятым считается решение, за которое проголосовал председатель аттестационной комиссии.

12. Заседание аттестационной комиссии считается правомочным, если на нем присутствует не менее двух третей ее состава.

## 4. Проведение аттестации

13. Графики сдачи нормативов по физической, боевой и служебной подготовке, проведения компьютерного тестирования на знание законодательства Республики Казахстан и логическое мышление, а также собеседований утверждаются руководителем или уполномоченным руководителем правоохранительного органа.

14. Порядок прохождения собеседования на психологическую устойчивость, сдачи нормативов по физической, боевой и служебной подготовке, а также прохождения тестирования, тестовые задания и пороговые значения для категорий должностей определяются руководителем правоохранительного органа.

Компьютерное тестирование на знание законодательства Республики Казахстан и логическое мышление сотрудников:

подлежащих аттестации Комиссией – проводится уполномоченным органом по делам государственной службы;

подлежащих аттестации центральными и региональными аттестационными комиссиями – правоохранительными органами самостоятельно.

15. На заседании Комиссии либо соответствующей аттестационной комиссии проводится собеседование с аттестуемым сотрудником.

Сотрудники, отсутствовавшие на заседании Комиссии либо соответствующей аттестационной комиссии по уважительным причинам, проходят внеочередную аттестацию по выходу на службу.

В случае неявки сотрудника на заседание Комиссии либо соответствующей аттестационной комиссии без уважительных причин аттестационная комиссия принимает одно из следующих решений, предусмотренных подпунктами 3), 4), 5) пункта 16 настоящих Правил.

16. По итогам собеседования Комиссия либо соответствующая аттестационная комиссия принимает одно из следующих решений:

1) соответствует занимаемой должности и рекомендуется для зачисления в кадровый резерв или выдвижения на вышестоящую должность;

2) соответствует занимаемой должности;

3) не соответствует занимаемой должности и рекомендуется к понижению в должности;

4) не соответствует занимаемой должности и рекомендуется к переводу в другую службу (должность);

5) не соответствует занимаемой должности и рекомендуется к увольнению из правоохранительного органа.

17. Решение Комиссии либо соответствующей аттестационной комиссии в течение трех рабочих дней оформляется протоколом, который подписывается членами аттестационной комиссии, присутствовавшими на ее заседании, и секретарем.

18. Кадровое подразделение вносит решение Комиссии либо соответствующей аттестационной комиссии в аттестационный лист сотрудника по форме согласно приложению 2 к настоящим Правилам.

Сотрудник ознакамливается с решением Комиссии либо соответствующей аттестационной комиссии под роспись в течение трех рабочих дней со дня его принятия.

19. Сотрудники правоохранительных органов, не прошедшие внеочередную аттестацию и (или) отказавшиеся продолжить службу в правоохранительных органах на иных, в том числе нижестоящих, должностях, подлежат увольнению в порядке, установленном Законом Республики Казахстан «О правоохранительной службе» (далее – Закон).

## 5. Обжалование решения аттестационной комиссии

20. Решения Комиссии либо соответствующей аттестационной комиссии могут быть обжалованы в порядке, установленном Законом.

Примечание: * – настоящие Правила распространяются на сотрудников органов таможенной службы Республики Казахстан после завершения мероприятий по их «разаттестации»

___

ПРИЛОЖЕНИЕ 1
к Правилам проведения
внеочередной аттестации
сотрудников правоохранительных
органов Республики Казахстан

**ТИПОВАЯ ФОРМА**
**служебной характеристики сотрудника, подлежащего аттестации**
(заполняется непосредственным руководителем сотрудника)

Ф.И.О. сотрудника ________________________________________
Должность ____________________________________________
Дата назначения ________________________________________
Звание (классный чин)____________________________________

1. Исполнение должностных обязанностей (приводится перечень основных вопросов, в решении которых принимал участие сотрудник; оценивается эффективность и добросовестность исполнения служебных обязанностей, творческая инициатива, работа с гражданами и др.).

2. Знание стратегических и программных документов в сфере деятельности государственного органа, применение профессиональных знаний, а также, если это входит в должностные обязанности, применение коммуникационных и информационных технологий (характеризуются знание стратегических и программных документов, уровень профессиональных знаний, знаний коммуникационных и информационных технологий, применение их в работе и др.).

3. Соблюдение законности, в том числе антикоррупционного законодательства, Кодекса чести государственных служащих Республики Казахстан, а также государственной и трудовой дисциплины (указываются сведения о дисциплинарных взысканиях, соблюдении законности, в том числе антикоррупционного законодательства, Кодекса чести государственного служащего, а также государственной и трудовой дисциплины, внутреннего служебного распорядка и др.).

4. Личностные качества (характеризуются личностные качества сотрудника: коммуникабельность, способность работать с гражданами, психологическая устойчивость, способность к самосовершенствованию, лидерство и др.).

5. Итоговая оценка деятельности сотрудника (указывается мнение непосредственного руководителя о сотруднике: соответствует занимаемой должности либо не соответствует, может быть рекомендован на вышестоящую или нижестоящую должность и др.).

6. Результаты работы возглавляемого аттестуемым лицом подразделения либо курируемого им подразделения, в том числе сведения о состоянии противодействия коррупционным проявлениям.*

7. Иные сведения.**

Ф.И.О. руководителя ______________________________________

Должность ______________________________________________

Звание (классный чин) ____________________________________

Дата «____» ______________20__года

М.П.

Примечание:

* – данное требование распространяется на лиц, занимающих руководящую должность;

** – в служебную характеристику могут быть включены дополнения с учетом специфики правоохранительных органов

______________

ПРИЛОЖЕНИЕ 2
к Правилам проведения внеочередной
аттестации сотрудников
правоохранительных органов
Республики Казахстан

**ТИПОВАЯ ФОРМА**
**аттестационного листа сотрудника, подлежащего аттестации**

1. Фамилия, имя, отчество ________________________________
2. Дата рождения «____»_______________ 19__года
3. Образование ________________________________
4. Специальность ________________________________
5. Занимаемая должность на момент аттестации________________
6. Звание (классный чин) ________________________________
7. Решение аттестационной комиссии________________________
8. Иные сведения*________________________________

Председатель аттестационной комиссии ____________________
(подпись)
Секретарь аттестационной комиссии ______________________
(подпись)
Дата проведения аттестации «___»____________20___года

С аттестационным листом ознакомлен ______________________
(подпись сотрудника и дата)
М.П.

Примечание:* – в аттестационный лист могут быть включены дополнения с учетом специфики деятельности правоохранительных органов

__________________